



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2019 ж. 06.02 № 1-04/56
Павлодар қаласы

город Павлодар

**«Үздік қосымша білім беру ұйымы»
облыстық конкурсын өткізу туралы**

Облыстың қосымша білім беру ұйымдарының озық педагогикалық тәжірибесін анықтау және таратуға жағдай жасау мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2019 жылғы 11 ақпан мен 14 наурыз аралығында облыстық «Үздік қосымша білім беру ұйымы» конкурсы (одан әрі - Конкурс) өткізілсін.

2. Конкурсты өткізу туралы ереже, ұйымдастыру комитеті және қазылар алқасының құрамы (1,2- қосымша), шығындар сметасы бекітілсін.

3. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін жауапкершілік «М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК басшысына (А.Ж. Ерубаева) жүктелсін.

4. Білім беру басқармасының экономика және стратегиялық даму бөлімі (Калимжанова Г.Т.) мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге бөлінген қаражат шегінде конкурстың қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

5. Қалалық және аудандық білім беру бөлімдерінің басшылары (келісім бойынша) қосымша білім беру ұйымдарының Конкурсқа қатысуын қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру басқармасы басшысының орынбасары Р.Қ. Акановаға жүктелсін.

Басқарма басшысы



Д. Болатханұлы

Бұйрықпен таныстым

Аканова Р.Қ. 01
(колы, күні)

«Үздік қосымша білім беру ұйымы» облыстық конкурсын өткізу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. «Үздік қосымша білім беру ұйымы» облыстық конкурсын Павлодар облысының білім беру басқармасы М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайымен бірлесіп өткізеді.

Конкурсты ұйымдастыру және өткізу қосымша білім берудің қолжетімдігін арттыруға педагог қызметкерлердің кәсіби шеберлігінің өсуіне бағытталған.

1.2. Конкурстың мақсаты:

- облыстың қосымша білім беру ұйымдарының озық педагогикалық тәжірибесін анықтау және таратуға жағдай жасау;

Міндеттері:

- балаларға қосымша білім беру және тәрбиелеу практикасында білім беру мазмұны, технологияларын жаңарту бойынша педагогикалық идеялар іздестіру;

- облыстың білім беру жүйесіндегі инновациялық процестерге қоғамның оң пікірін қалыптастыру және нығайту;

- қосымша білім беру ұйымдарының шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогикалық ұжымдарын қолдау

1.3. Конкурс қатысушылары:

- облыстың қосымша білім беру ұйымдары.

1.4. Әділ қазылар алқасы:

- Конкурсқа ұсынған материалдарға сараптау жүргізу, білім беру мекемесінің презентациясын бағалау және конкурстың жалпы қорытындысын жасау үшін қазылар алқасы құрылады, оның құрамын ұйымдастыру комитеті бекітеді.

- қазылар алқасының құрамы білім беру басқармасы, білім беруді және тәрбиелеуді дамытудың инновациялық орталығы, Павлодар облысының «Өрлеу» АҚ БАҰО, ПМПУ өкілдерінен құралады.

- конкурстың қазылар алқасы материалдардың көрсетілген барлық критерийлерге сәйкестігі туралы шешім қабылдайды.

- қазылар алқасының шешімі соңғы қорытынды шешім болып табылады, хаттамамен ресімделеді, оған қазылар алқасының төрағасы қол қояды.

2. Конкурсты өткізу тәртібі

2.1. Конкурс екі кезеңде өткізіледі:

- бірінші кезең - сырттай - іріктеу кезеңнен турады (ұсынылған материалдарды сараптау) 2019 жылғы 25-28 ақпан аралығында. Сырттай (іріктеу) кезеңінің қорытындысы бойынша қазылар алқасы жинаған ұпай санын есептеу арқылы мекемелердің рейтингісін және екінші (күндізгі) кезеңнің қатысушылар саны мен құрамын анықтайды. Рейтинг қорытындысы қазылар алқасының отырысында хаттамамен бекітіледі.

- екінші кезең - күндізгі (көпшілік алдында презентация) 2019 жылғы 14 наурыз. Мекеменің көпшілік алдындағы презентациясын команда өткізеді, оның құрамына кіретіндер: мекеме басшысы (басшының орынбасары), педагогтар, тәрбиеленушілер, педагогикалық қызметкерлер, оқушылар, ата-аналар, журналист немесе қоғаммен байланыс жасайтын маманнан құралған мекеменің өзін-өзі басқару органының өкілдері.

Команда 10 минут ішінде мынадай конкурстық тапсырмалар орындайды:

- білім беру мекемесінің қызметіне бейне шолу;
- білім беру мекемесінің даму бағдарламасының іске асырылуы туралы ақпарат беру;
- білім беру бағдарламалары, жұмыс нәтижелері, педагогикалық ұжым мен балалардың жетістіктеріне шолу жасау.

2.2. Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер 2019 жылғы 21 ақпанға дейін ұйымдастыру комитетіне мынадай құжаттарды тапсырады:

1) білім беру мекемесі басшысының қолымен куәландырылған конкурсқа қатысуға өтініш;

2) баспа және электрондық түрде (көлемі 5 бетке дейін) білім беру мекемесінің жұмыс тәжірибесі және нәтижелері туралы анықтама-ақпарат;

3) анықтама-ақпаратқа арналған қосымшалар мен қосымша материалдар:

- білім беру мекемесінің даму бағдарламасы;
- білім беру мекемесінің даму бағдарламасын іске асыру сипаттамасы;
- білім беру мекемесінің инновациялық жұмыс тәжірибесін сипаттайтын материалдар;
- білім беру мекемесінің қызметі туралы жариялымдар іріктемесі;
- қысқаша түсіндірме мәтінімен фотосуреттер (10 данадан аспауы тиіс);
- білім беру мекемесінің жұмыс нәтижесін көрсететін диаграмма, графика, сызбалар;
- ұсынылған материалдың электрондық нұсқасы.

2.3. Конкурсқа ұсынылған материалды сараптау кезінде қызылар алқасы мына критерийлерді басшылыққа алады:

- өтініш берушінің аналитикалық инструментариді жоғары деңгейде меңгеруі;
- басқарушылық шешімнің дәлелділігі;
- білім беру мекемесі қызметінің нәтижелігі мен тиімділігі;

- педагогикалық ұжымның инновациялық жобаларды іске асыруға, оза даму тәртібінде жұмысқа әзірлігі;

- білім беру мекемесінің балалардың сұранысы мен қажеттілігін қанағаттандыру бағдары, оқытудың саралап жіктелуі және даралануы;

- білім беру процесінің әрбір субъектісі үшін қауіпсіз, жайлы, денсаулықты сақтайтын орта құру;

- білім беру мекемесінің өміріне әлеуметтік әріптестерді, ата-аналар жұртшылығын жұмылдыру;

- облыс білім беру мекемелеріне арналған материалдардың тәжірибелік мәні.

2.4. Қазылар алқасының көпшілік алдындағы тұсаукесерді бағалауы мынадай көрсеткіштер бойынша жүргізіледі:

- ұйымдағы оқу және тәрбие нәтижесінің жоғары сапалығы;

- ұйымның даму бағдарламасын іске асыру өнімділігі (белгіленген нәтиже көрсеткіштеріне сәйкес даму бағдарламаларының мақсатына қол жеткізу);

- ұйымның заманауи инфрақұрылымын құру, мекемеде білім беру процесін ұйымдастыруға заманауи сапалы жағдайды қамтамасыз ету;

- қосымша білім беру ұйымының облыстың білім беру жүйесін дамытудағы рөлі;

- кадрлардың біліктілігін үздіксіз арттыру бойынша жұмыс жүйесі;

- педагогтардың нәтижелі білім беру технологияларын меңгеруі және қолдануы, авторлық бағдарламалар жасауы;

- сапалы қосымша білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- ұйымның жергілікті кәсіби қоғамдастық үшін ашықтығы.

2.5. Жұмыстар М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайында 2019 жылғы 11-21 ақпан аралығында metodotdelDSH@mail.ru электрондық мекенжай бойынша қабылданады.

2.6. Осы ереже, қазылар алқасының құрамы және конкурстың қорытындысы <http://dshk.kz> сайтында жарияланады.

3. Конкурстық жұмыстарға қойылатын талаптар

3.1 Жұмыстың ресімделуі.

Жұмыстар баспа және электрондық нұсқада қабылданады. Мәтіндік материалдар төмендегідей орындалады: Microsoft Office Word, шрифт - Times New Roman, шрифттің кеглі 14, интервалы - 1,5. Мәтіннің көлемі бес (5) баспа беттен аспауы тиіс (форматы А - 4).

Титул парағында ұйым туралы ақпарат орналастырылады: оқу орны, мекеме басшысының Т.А.Ә., мекеменің мекенжайы, байланыс телефоны.

3.2 Ғаламтор желісінен алынған материалды пайдалануға тыйым салынады.

3.3 Қазылар алқасының талқысына ұсынылған конкурстық жұмыстар қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Ұйым конкурсқа қатысудың шарттарын сақтамаған жағдайда ұйымдастырушылар жұмысты тексермеу құқығына ие болады.

4. Конкурстың қорытындысын жасау

4.1. Облыстық конкурстың қорытындысын жасау кезінде екі кезеңнің нәтижесі ескеріледі (сырттай (іріктеу) және күндізгі).

4.2. Конкурстың екі кезеңінің нәтижесі бойынша ең көп ұпай жинаған (сырттай (іріктеу) және күндізгі) мекеме - конкурстың дара жеңімпазы - үздік қосымша білім беру мекемесі деп танылады.

4.3. Бас жүлде алған, 1,2,3 орын иеленген конкурс қатысушылары дипломмен және сайлықтармен марапатталады.

Байланыс телефондары: 32-85-17

Конкурстың үйлестірушісі: Бағлан Ердымбайқызы Ашенова,
М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы әдістемелік бөлімінің меңгерушісі

Павлодар облысы білім беру
басқармасының
2019 жылғы « 06 » 02
№ 1-04/56 бұйрығына
2-қосымша

**«Үздік қосымша білім беру ұйымы»
облыстық конкурсының ұйымдастыру
комитетінің құрамы**

1. Гульнар Рахимжановна Ибраева – білім беру басқармасының тәрбие жұмысы және қосымша білім беру бөлімінің басшысы.
2. Жанар Ануарбековна Таджикова - білім беру басқармасының тәрбие жұмысы және қосымша білім беру бөлімінің бас маманы.
3. Алма Жумабаевна Ерубаева – «М.М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайы» КМҚК басшысы.
4. Елена Ивановна Чидунчи - М.М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайы директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
5. Баглан Ердымбаевна Ашенова - М.М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайының әдістемелік бөлімінің меңгерушісі.

Қазылар алқасының құрамы:

Қазылар алқасының төрайымы: Гульнар Рахимжановна Ибраева - білім беру басқармасының тәрбие жұмысы және қосымша білім беру бөлімінің басшысы.

Қазылар алқасының мүшелері:

1. Баглангуль Тусиповна Каримова - Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың «Өрлеу» ұлттық орталығы акционерлік қоғамының Павлодарлық филиалының мұғалімнің кәсіби дамуына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету кафедрасының доценті.
2. Фарида Альмурзаевна Курабаева - педагогикалық ғылымдардың кандидаты, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің оқыту теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі.
3. Бахытгуль Толегеновна Аушахманова - Білім беруді және тәрбиелеуді дамытудың инновациялық орталығының тәрбие кабинетінің меңгерушісі.